
	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 1-17


**ҚР МСМ МК «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ**  
**Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесі туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

Алматы  
2023 ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-17

### Мазмұны

1	Жалпы ережелер . . . . .	3
2	Қолданылған қысқартулар . . . . .	4
3	Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесінің құрамы . . . . .	4
4	Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі қызметінің негізгі бағыттары. . . . .	4
5	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің міндеттері	5
6	Жұмысты ұйымдастыру. . . . .	6
7	Жауапкершілік және өкілеттіктер. . . . .	7
8	Ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттама және оны жасау тәртібі	8
9	Қорытынды ереже . . . . .	8
	Қосымша 1 . . . . .	9
	Қосымша 2 . . . . .	13
	Келісу парағы . . . . .	16
	Танысу парағы . . . . .	17

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b>	П 017-1.14-2022
	<b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	31.10.2022 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 3-17

«Темірбек Жүргенов атындағы  
 Қазақ ұлттық өнер академиясы»  
 РММ Ғылыми кеңесінің  
 шешімімен бекітілді  
 «23» ақпан 2023 жыл  
 № 9 хаттама

## 1. Жалпы ережелер

1. Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі Кеңесі (бұдан әрі-АСК) туралы ереже<sup>1</sup> мынандай құжаттар негізінде әзірленді:


- 1) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Бұйрығының 34 тармағы;
- 2) «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 Бұйрығы;
- 3) «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 583 Бұйрығы. (жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022.09.23 № 78 бұйрығымен);
- 4) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 Бұйрығы;

2. Осы ереже факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібімен қоса, оның қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды;

3. Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің нормативтік құжаттарын және Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер Академиясының жарғысын басшылыққа алады.

4. Факультеттің АСК өз қызметін осы Ереженің негізінде жүзеге асырады.

<sup>1</sup> Жалпы академиялық кафедраларда кафедраның академиялық сапа жөніндегі кеңесі құрылады, ол өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022  31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 4-17

5. Факультеттің АСК факультеттің Ғылыми кеңесімен, Академияның оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша барлық құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекет етеді.

6. Факультеттің АСК оқу-әдістемелік қызмет басшысының жалпы басқаруында және Академияның әдістемелік бөлімі басшысының жедел басқаруында болады.

## 2. Қолданылған қысқартулар

**ҚР МСМ МК** - Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі мәдениет комитеті

**БББ** – білім беру бағдарламасы

**ПОҚ** – профессор-оқытушылық құрам

**РММ** – Республикалық мемлекеттік мекеме

**АСК** – Академиялық сапа жөніндегі кеңес

**ПОӘК** – Пәннің оқу әдістемелік кешені

## 3. Факультеттің академиялық сапа жөніндегі Кеңесінің құрамы

7. Факультеттің АСК келесі құрамда құрылады: төраға мүшелері және хатшы;


8. АСК құрамына: әрбір БББ бейінінің өкілдері, тәжірибелі оқытушылар, ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторанттар. Хатшы ретінде ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттарды тағайындауға болады.

АСК құрамына әдістемелік кадрлардың резервін қалыптастыру үшін жоғары мектепте үлкен педагогикалық тәжірибесі бар тәжірибелі педагогтарды да, жаңадан бастаған оқытушыларды да (тәжірибелі педагогтарға қарағанда аз) қосу ұсынылады;

9. Факультеттің АСК төрағасы мен мүшелерінің кандидатуралары факультет деканының ұсынысы бойынша факультет педагогтерінің арасынан ұсынылады, оқу-әдістемелік қызметпен келісіледі және факультеттің Ғылыми кеңесінің мәжілісінде бекітіледі. Факультеттің АСК құрамының саны тақ сандардан тұрады. Факультеттің АСК құрамы әрбір оқу жылына бекітіледі.

## 4. Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі қызметінің негізгі бағыттары

10. АСК факультеттің жұмыс органы және Академияның оқу-әдістемелік қызметінің көмекші органы болып табылады, факультетте оқу және оқу-әдістемелік жұмысты үйлестіру және жетілдіру мақсатында

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022  31.10.2022 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5-17

ұйымдастырылады;

**11. Академиялық сапа жөніндегі кеңесі қызметінің негізгі бағыттары:**

- 1) Факультеттегі ПОҚ оқу және оқу-әдістемелік құжаттарының сапасын арттыру;
- 2) Білім беру бағдарламаларын іске асырудың мазмұны мен шарттары бойынша шешімдер қабылдау;
- 3) Факультеттің білім беру процесінде ПОҚ-ның Академиялық адалдық қағидаттарын сақтауын бақылау;
- 4) Білім беру сапасын арттыру.

**5. Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің міндеттері**

**12.** Қызметтің негізгі бағыттарына сәйкес факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесі келесідегідей міндеттерді іске асырады:

**13. «Факультеттегі ПОҚ оқу және оқу-әдістемелік құжаттардың сапасын арттыру» бағыты бойынша:**

- 1) Факультеттегі ПОҚ-ң ПОӘК, силлабустарын бекітуге ұсыну және талқылау;
- 2) Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талқылау және басып шығаруға ұсыну;
- 3) Аралық аттестаттау материалдарын қолдануды талқылау және ұсыну: емтихан сұрақтары, емтихан билеттері, бақылау жұмыстарының тақырыптары және т. б.;


**14. «Білім беру бағдарламаларын іске асырудың мазмұны мен шарттары бойынша шешімдер қабылдау» бағыты бойынша:**

- 1) Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, өзектілігін арттыруға көмектесу және бақылау;
- 2) Пәндердің мазмұнын оқытудың жоспарланған нәтижелеріне сәйкестігін талдау.

**15. «Факультеттің білім беру процесінде ПОҚ-ң Академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын бақылау» бағыты бойынша:**

- 1) Бақылаудың барлық түрлері бойынша тапсырмаларға қойылатын талаптардың болуын және сақталуын бақылау;
- 2) Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерінің болуын және сақталуын бақылау;
- 3) Оқу және оқу-әдістемелік құжаттар мазмұнының өзара байланыстылығына бақылау жасау.

**16. «Білім беру сапасын арттыру» бағыты бойынша:**

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-17

1) ПОҚ-ның ашық сабақтарына, мастер-кластарына қатысып, талдау жасау.

**17. Факультеттің АСК Төрағасына келесі міндеттер жүктелінеді:**

- 1) Факультеттің АСК жұмысын ұйымдастыру;
- 2) Факультеттің АСК жұмыс жоспарын құру және орындау;
- 3) факультеттің АСК жұмысы туралы жыл сайынғы есептерді дайындау;
- 4) Факультеттің АСК бұрын қабылдаған шешімдерінің орындалуын жүйелі түрде бақылау;
- 5) әр кафедраның оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерінің шығарылуын жоспар бойынша орындалуын бақылау;
- 6) білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен өзектілігін арттыруын бақылау;
- 7) кафедраларда ашық сабақтар өткізу, өзара сабаққа қатысуды бақылау;
- 8) факультетте әдістемелік семинарлар ұйымдастыру және өткізу;

**18. Факультеттің АСК мүшелеріне келесі функционалдык міндеттер жүктеледі:**

- 1) Факультет оқытушыларының дәріс, семинар және басқа да сабақ түрлеріне қатысу және оларды талдау;
- 2) ПОҚ-ның құрастырған тест тапсырмаларының, емтихан сұрақтарының, бақылау эсселерінің, рефераттардың және басқа да бақылау жұмыстарының сапасын талқылау;
- 3) ПОҚ-ның құрастырған силлабустарды, ПОӘК, оқу басылымдарын талқылау және басып шығаруға ұсыну;
- 4) Жас мамандарға (оқытушыларға) әдістемелік көмек көрсету;
- 5) ПОҚ-ның Академиялық адалдық қағидаттарын сақтауын бақылау.

**19.** Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-ның 2016-2026 жылдарға арналған даму стратегиясына және Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА Академиялық саясатына сәйкес факультеттің оқу және оқу-әдістемелік бағыты бойынша бекітілген жұмыс жоспарындағы және басқа да жұмыстарды орындау.


**6. Жұмысты ұйымдастыру**

**20.** Факультеттің АСК жұмыс жоспарын құру кезінде факультеттің Ғылыми кеңесінің жылдық жоспарларын басшылыққа алу қажет.

**21.** Факультеттің АСК жылдық жоспарын факультет деканы бекітеді.

**22.** Факультеттің АСК төрағасы әр жарты жылдықтың соңында факультеттің Ғылыми кеңесінің мәжілісінде есеп береді.

**23.** Жылдық жоспарды және есепті (2-ші дана) факультеттің АСК академияның әдістемелік бөліміне сақтау үшін ұсынылады.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 7-17

24. Факультеттің АСК-нің отырыстары жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жылына кемінде төрт рет өткізіледі.

25. Факультеттің АСК отырысының хаттамалары (2-ші данасы) әрбір жартыжылдықтың соңында Академияның әдістемелік бөліміне ұсынылады.

### 7. Жауапкершілік және өкілеттіктер

26. АСК төрағасы мен мүшелері факультеттің ПОҚ-нан құжаттардың осы түріне қойылатын нормалар мен талаптарға сәйкестігін талқылау және тексеру үшін оқу-әдістемелік құжаттаманы сұратуға өкілетті;

27. Факультеттердің АСК төрағасы мен мүшелері АСК отырысының хаттамасында тіркелген факультет ПОҚ-нің оқу және оқу-әдістемелік құжаттарының сапасы бойынша алқалы қорытындылар шығаруға өкілетті;

28. Факультеттің АСК төрағасы мен мүшелері факультет оқытушыларына оқу және оқу-әдістемелік құжаттардың мазмұнын, сондай-ақ пәндердің мазмұнын түзету бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы;

29. АСК төрағасы мен мүшелері факультеттің Ғылыми кеңесінде академиялық процестің сапасын жақсарту үшін, сондай-ақ жекелеген жағдайларда Академияның академиялық комитетінің отырыстарында ұсыныстар енгізуге құқылы;

30. АСК төрағасы мен мүшелері факультетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларын өзектілігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізуге өкілетті;


31. АСК төрағасы мен мүшелері Академия мен уәкілетті органдар қоятын нормалар мен талаптарға сәйкес келмейтін оқу және оқу-әдістемелік құжаттарды шығарудан бас тарту туралы алқалы шешімдер және/немесе ұсыныстар шығаруға өкілетті;

32. АСК төрағасы оқу-әдістемелік қызметке, офис-тіркеушіге, оқу процесін ұйымдастыру және бақылау қызметіне және басқа да оқу-әкімшілік бөлімшелерге факультеттің оқу және оқу-әдістемелік жұмысының нормалары мен ережелерін бұзу фактілері бойынша ауызша және жазбаша жүгінуге өкілетті, егер олар факультетте шешім таппаса;

33. АСК төрағасы мен мүшелері хаттамаға факультет ПОҚ-ның оқу және оқу-әдістемелік құжаттарын бақылау нәтижелерін енгізуге міндетті;

34. Білім беру процесінде пайдалануға ұсынған және/немесе нормалар мен талаптарға сәйкес келмейтін факультет ПОҚ-ның оқу және оқу-әдістемелік құжаттарын шығаруға ұсыныстардан бас тарту туралы алқалы шешім қабылданған жағдайда, жазбаша түрде бас тарту негіздемесін беру.

35. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілері анықталған

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 8-17

жағдайда, АСК төрағасы мен мүшелері факультеттің Ғылыми кеңесіне жазбаша түрде хабарлауға міндетті;

**36.** Факультеттің АСК хатшысы құжаттарды жүргізуге, оны мұрағатқа сақтауға беруге жауапты;

**37.** Факультеттің АСК қызметіне жедел бақылауды әдістемелік бөлімнің басшысы, оқу-әдістемелік қызметтің басшысы жүзеге асырады; барлық факультеттердің академиялық сапа жөніндегі кеңестерін жалпы үйлестіру оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорға жүктеледі.

**38.** Қызметтің негізгі бағыттары бойынша міндеттерді орындамағаны үшін факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесінің мүшелері және/немесе төрағасы қайта сайланады, сондай-ақ оларға академия басшылығының шешімі бойынша тәртіптік жаза шаралары қолданылуы мүмкін.

#### **8. Ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттама және оны жасау тәртібі**

**39.** Академиялық сапа жөніндегі кеңестің келесідегідей құжаттары болуға тиіс:

- 1) Факультеттің АСК бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары;
- 2) Факультеттің АСК отырыстарының хаттамалары;
- 3) факультеттің АСК жұмысы бойынша жылдық есеп;
- 4) оқу және оқу-әдістемелік жұмыс бойынша қосымша тиісті құжаттар (қызметтік жазбалар, баяндамалар, ұсынымдар және т. б.);


**40.** Факультеттің АСК құжаттарын хатшы жүргізеді. Төраға қайта сайланған кезде факультеттің АСК құжаттарын жаңадан сайланған төрағаға қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі.

**41.** Құжаттар факультет деканатында сақталады және факультет номенклатурасында көрсетіледі.

#### **9. Қорытынды ереже**

**42.** Осы ереже, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар ҚР МСМ МК «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңес шешімімен бекітіледі және бекітілгеннен кейін күшіне енеді.



	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022  31.10.2022 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 9-17

**Қосымша 1. Жылдық жоспар үлгісі**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТІРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ  
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
АКАДЕМИЯСЫ» РММ


«БЕКІТЕМІН»

Өнертану факультетінің деканы  
\_\_\_\_\_ аты-жөні

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж.


2022-2023 оқу жылы  
Факультеттің академиялық сапа жөніндегі кеңесінің  
жылдық жұмыс жоспары

Алматы  
2022 ж.


	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 10-17

Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің  
2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары


№	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты
1	<p>1. Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі (бұдан әрі- АСК) кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.</p> <p>2. I жартыжылдыққа арналған пәндер бойынша силлабустар мен оқу-әдістемелік құжаттамаларды (ПОӘК, дәріс конспектілері, семинар/практикалық сабақтардың жоспарлары) сараптау.</p> <p>3. Пәндер мазмұнының білім беру бағдарламаларының нәтижелеріне сәйкестігіне сараптама.</p> <p>4. 2022-2023 оқу жылына арналған ашық сабақтардың, өзара сабаққа қатысу мен шеберлік сыныптардың кестесін құрастырып, бекітуге ұсыну.</p> <p>5. Оқу-әдістемелік құралдарын баспадан басып шығару туралы жоспарын ОӘҚ өткізу.</p>	Тамыз, қыркүйек	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің төрағасы және мүшелері
2	<p>1. Профессор-оқытушылар құрамының кестесіне сәйкес ашық сабақтарға қатысу және өзара қатысу.</p> <p>2. Дипломдық жұмыстардың тақырыптарын талқылау.</p> <p>3. Дипломдық жұмыстарды жазу бойынша әдістемелік ұсыныстарды талқылау.</p>	қазан	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің төрағасы және мүшелері
3	<p>1. Ашық сабақтар өткізу кезінде жіберілген қателіктер бойынша семинар өткізу.</p> <p>2. Профессор-оқытушылар құрамының оқу құралдарын сараптау.</p> <p>3. Пәндер бойынша емтихан талаптарын және билет сұрақтарын, эссе тақырыптарын, тест сұрақтарын талқылау және бекіту;</p>	қараша	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің төрағасы және мүшелері

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 11-17

4	<p>1. Ашық сабақтардың, өзара сабаққа қатысулар мен шеберлік сыныптарының нәтижесін талдау;</p> <p>2. Факультеттің АСК жұмыс жөніндегі Ғылыми кеңесінде жарты жыл ішінде есеп беру.</p> <p>3. Факультеттің АСК орындаған жұмыстарын талқылау бойынша есеп пен хаттаманың көшірмесін әдістемелік бөлімге тапсыру.</p>	желтоқсан	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің төрағасы және мүшелері
5	<p>1. II-жартыжылдыққа арналған пәндер бойынша силлабустар мен оқу-әдістемелік құжаттамаларды (ПОӘК, дәріс конспектілері, семинар/практикалық және жеке сабақтар жоспарлары) сараптау</p> <p>2. Пәндер мазмұнының білім беру бағдарламаларының нәтижелеріне сәйкестігіне сараптама.</p>	қаңтар, ақпан	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің төрағасы және мүшелері
6	<p>1. ПОҚ кестесіне сәйкес ашық сабақтарға қатысу және өзара қатысу.</p> <p>2. Ашық сабақтарды талқылауды өткізу бойынша бақылау.</p> <p>3. Факультеттің Стратегиялық жұмыс жоспарын іске асыру бойынша: оқулықтар мен элективті пәннің оқулықтарын мемлекеттік тілде шығаруға дайындық.</p> <p>4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оларға өзгерістер енгізу бойынша жұмысты талқылау</p> <p>5. Жазғы сессияның емтихан билеттерін, эссе тақырыптарының, тест сұрақтарының сапасына талдау жасап, талқылап, бекіту.</p> <p>6. 2022-23 оқу жылы қабылданатын бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша элективті пәндер каталогын бекіту туралы.</p>	наурыз, сәуір	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің төрағасы және мүшелері

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 12-17

7	1.Траекториялар бойынша оқу жоспарларын әзірлеу бойынша талқылау жүргізу (РУП) 2. Қабылдау емтихан талаптарын талқылау, ғылыми кеңеске ұсыныс жасау. 3. 2022-2023 оқу жылына оқу-әдістемелік кешендер мен оқытушылардың жеке жоспарларын даярлауға дайындық мәселесін талқылау.	мамыр	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің төрағасы және мүшелері
8	1.Дайын есепті факультеттің АСК бойынша факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсыну 2. Факультеттің АСК жұмысы бойынша есептің көшірмесін дайындау және әдістемелік бөлімге тапсыру. 3. Факультеттің АСК орындаған жұмыстарын талқылау жөніндегі хаттаманың көшірмесін әдістемелік бөлімге тапсыру.	маусым	Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің төрағасы және мүшелері

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b>	П 017-1.14-2022
	<b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 13-17

**Қосымша 2. Жылдық есеп үлгісі**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТІРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ  
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«БЕКІТЕМІН»


Өнертану факультетінің деканы

\_\_\_\_\_ аты-жөні

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж.


Факультеттің Академиялық сапа жөніндегі кеңесінің жылдық  
ЕСЕБІ  
2022 – 2023 оқу жылы

Алматы  
2022 ж.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 14-17

### Мазмұны

- 1 АСК жұмысы туралы жалпы мәліметтер.....
- 2 Жоспарланған іс-шараларды орындау.....
- 3 Факультеттің ОӘЖ-на SWOT-талдау.....
- 4 Қорытынды (атқарылған жұмыстар туралы қорытынды) .....
- 5 Факультеттің ОӘЖ одан әрі дамыту бойынша қосымша.....

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 15-17

1. АСК жұмысы туралы жалпы мәліметтер (мақсаттары, міндеттері, құрамы, жұмыстың негізгі бағыттары, жұмыс түрлері).
2. Жоспарланған іс-шаралардың орындалуы.

№	Іс-шаралар	Орындалу белгісі/ № хаттама	Орындалу мерзімі	Орындалмау себебі
1				

3. Факультеттің ОӘЖ-на SWOT-талдауы.


Күшті тұстары	Әлсіз тұстары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

4. Қорытынды (атқарылған жұмыстар туралы қорытынды)
5. Факультеттің ОӘЖ одан әрі дамыту бойынша қосымша

Төраға  
Хатшы


ҚОЛЫ  
ҚОЛЫ

аты-жөні  
аты-жөні

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 16-17

<b>Әзірленді:</b>		
ОӘҚ басшысы		Джумадилова Ж.А.
<b>Келісілді:</b>		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Заң бөлімінің басшысы		Исламов П.Э.
Стратегиялық жоспарлау және СМЖ бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.



	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b>	П 017-1.14-2022
		31.10.2022 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 17-17

### Танысу парағы

№	Аты-жөні	Қызметі	Күні	Қолы
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				
13				
14				
15				